

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. – Москва: Наука, 1983. – 335 б.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. IV том. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 463 б.
3. Хафизова К.Ш. Китайская стратегия Цинской империи. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2007. – 104 б.
4. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай). – Петропавл, ЖШС «Астана» баспасы, 2005. – 477 б.
5. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1961. – 744 б.
6. 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). – Алматы, “Санат”, 1998. – 221 б.
7. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтандық» беттерінен. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 144 б.
8. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
9. Хафизова К. Кони в диалоге цивилизаций. – // Экономические стратегии. – №1/2007 (4).

УДК 930.2

**Ұстағалиев Е.О.**

*Тарих ғылымдарының магистрі, Сулейман Демирел атындағы университет,  
Қаскелең, Қазақстан,  
[ernar.ustagaliev@mail.ru](mailto:ernar.ustagaliev@mail.ru)*

### ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ БИЛЕР ТӨҢКЕРІСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Abstract.** In this article consider precondition and reason revolution of bi in the history of Kazakhstan, in the II-half of century. Specifics system authorities of khan, role and phenomenon bi appear object of research. In this work was using historical composing «zhyr» like original source.

**Keywords:** history, authorities of khan, institute of bi, historical composing, phenomenon bi.

Өткен ғасырдағы ұлтымыздың біртуар перзенті болған Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» деп айтқанындай, тарих беттерінде қалған батыр бабаларымыздың ерліктеріне бей-жай қарамай, өткеннен сабақ алуымыз керек. «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» бағдарламаларына сәйкес өткен тарихымызды қайта жаңғырту, қалпына келтіру және жаңадан қайта жазу негізге алынды. Соңғы уақыттарда төл тарихымызға деген қызығушылық артып келеді. Соның бір айғағы ретінде Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық ұлы мерекені мемлекеттік деңгейде атап өттік. Дүбірлі мерекенің бір естелігі ретінде Қазақ хандығының құрылуы тарихында есімдері ерекше аталатын Керей мен Жәнібек хандарға Тараз қаласынан ескерткіш

орнатылды. Кейінге өскелең жас ұрпақтың санасында қазақ халқының тарихы сайрап тұрса елдігіміз мәңгі болары анық.

Қазақ хандығы құрылған сәттен-ақ ел арасында билерге деген құрмет ерекше болған. Би-шешендер даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған. Тындырғанда да хатсыз, харарсыз, ауызша жүзеге асып, бітіп жатқан. Ел ішінде болып жатқан жағдайларды жоғарғы билік иесі – хандарға бүкпесіз жеткізген-ді. Халық басшысы болған хандар да әрдайым билермен кеңесіп отырған.

Қазақ ел таныған шешен, билерге кенде болмаған. Ұлы ғалым Шоқан Уалихановтың айтуынша, оларды халық өздері қалап, би атап отырған, ешқандай арнайы сайлау болмаған. Ал, би болып белгіленетін кісілер өзінің шешендігін, әділ төрелік айта алатын қасиетін көпшілік алдында көрсете білген. Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін нағыз шешен әрі ақылгөй, халық қамқоры болған. Сондықтан да халық «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деп мақалдап кеткен.

Әсте қазақтың шешендік өнері, билік құру дәстүрі Әз-Жәнібек ханның, Жиренше шешеннің тұсында өркен жайып, Әз-Тәуке ханның кезінде биік шыңға көтерілсе керек. Атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің даңқы осы кезде бүкіл қазақ даласына жайылды [1, 4 б.].

Ханның ел арасындағы өкілі – билер, жыраулар болған. Олар әрдайым ханның жанынан да табылып отырған. Мысалы, Керей мен Жәнібектің жанында Асан қайғы жүрді. Асан қайғының ұлылығы, данышпандығы, көрегендігін барша халыққа аян. Халық ішінде Асан қайғының Желмаясына мініп алып, Жерұйықты іздейтін аңызы кеңінен тараған.

Асанды көбіне хан қасынан көреміз. Оның бізге жеткен толғаулары түгел дерлік Әз-Жәнібек ханға арнай айтылған. Алайда Асанды сарай ақыны деуге болмайды. Халық аңыздарында Асан қайғы жайында «бұл қария қашанда ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінеді. Бұл сөздің ақиқаттылығы Асан толғауларынан-ақ байқалады.

«Әй, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің,

Шабылып жатқан халқың бар,

Аймағын көздеп көрмейсің,

Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып қызып терлейсің,

Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің», - дейді ол Жәнібек ханға.

Ханның елді өз бетімен билеп-төстеу, қаһары түскен адамның өлім жазасына кесу хақысынан айрылып, рубасы ақсақалдарсыз ешбір мәселені шеше алмайтын күйге жетуі – қазақ хандығының соңғы дәуіріне тән құбылыс. Ал Асан өмір сүрген заманда ханға жаңағыдай сөйлеу кез-келген шонжардың қолынан келер іс емес. Бұл – Асанның Асандығы ғана айтылған сөз.

Бұл жерде Асан – халық тілегінің жоқшысы, Асан мұңы – халық мұңы. Оның атына жалғанған қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-халіне жаны ашығандық, өмірге көңілі толмау бар. Асан қайғысы – бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы. Сондықтан да өз толғауларында ол үнемі халық атынан сөйлейді [3, 9 б.].

Есім хан – қазақ хандарының ішіндегі ерекше тұлға. Оның ерлігі де, елдігі де биік. Ел іргесін қалаған, кеңіткен, қорғаған, айналасына ел батырларын жинаған батыр хан; батырлығына, батылдығына бола Еңсегей бойлы ер Есім атанған хан. Оның аты аңызға айналған. «Есім ханның ескі жолы» деген әдет-ғұрып жолының халық ішінде сақталуы да Есім ханның атақты хан болғанына куә. «Қазақта тұтас хандыққа Есім жеткен, тұтас билікке Төле би жеткен», - деген сөз бостан босқа айтылмаса керек [4, 5 б.].

Оған ел-жұрты «Еңсегей бойлы ер Есім хан» деп жыр арнаған. XVII ғасырда Қазақ хандығының тағына Есім хан отырады. Тәуекел ханның тұсында (1582-1598) көршілес хандықтармен жауласу кең өріс алды. Ол, әсіресе, Бұхара, Ташкент хандықтарымен әлсән-әлсін соғысып, көбіне жеңіспен оралады. Ойраттармен соғыста олардың біраз бөлігін өзіне қаратып, аз ғана уақыт қазақ пен қалмақтың ханы болып тұрады, 1595 жылдың мартында орыс патшасы Федор Ивановичтің Тәуекел ханды орысқа қарату грамотасында ол қазақ пен қалмақтың ханы деп аталады. Тәуекел ақырында Бұхара хандығымен соғыста өледі. Есім ханның (халық аузында «Еңсегей бойлы ер Есім» атанған) тұсында да соғыс толастамайды. XVI ғасырдың соңғы жылдарында Қазақ хандығының біраз күшеюі Есім ханның жеңістерге жетуіне біраз жағдай туғызды.

Қазақ ханы Есім қырғыз жұртын шоңбағыш руынан шыққан Көкем би арқылы билейтіндігін, қатаған мен шанышқылының әміршісі Тұрсынның көзін осы көкем арқылы құртып, кейін Ташкентте оның құрметіне «Көкемнің көк күмбезі» атанатын атақты мұнара тұрғызғандығын Шоқан Уәлиханов жазып кеткен [5, 83 б.].

Есім ханның замандасы, қолында ұстаған батыры Жиёмбет жыраудың біздің заманымызға жеткен шағын толғаулары хан мен жырау арасындағы бірлікті емес, араздықты, алшақтықты, алауыздықты білдіреді [6, 80 б.].

Халық Жиёмбетті әділ би, шешен жырау, айлалы, «аруақты» батыр деп дәріптейді. Жырау жас кезінде ханға қызмет етіп, оның сенімін ақтаған ерлердің бірі болған. Хан қолымен бірге аттанып, ерлік жорықтарды басынан кешкен. Жиёмбеттің ханға өз дегенін істетердей ықпалы болған. Оны мына жолдардан көруімізге болады:

Менің ер екенімді көргенсің,  
Әуелден бірге жүргенсің.  
Дегенімді қылғансың,  
Қайратымды білгенсің.

Өзінің сарай маңындағы орнын ханның есіне салып, оған адал қызмет еткен ердің бірі болғанын айтады. Ол өзінің бағасын біледі, елге де, ханға да керек адам екенін сездіреді.

Мен жоқ болсам Есім хан,  
Ит түрткіні көрерсің.  
Жиёмбет қайда дегенде,  
Не деп жауап берерсің?..

Осындай ескертпелеріне құлақ аспаған бір бет ханға көңілі әбден қалған тұста өзінің өткен істеріне өкініш те білдіріп қояды. Оның сойылын соғып, адал жауынгері болғаны ескерілмей, ханның өзіне қаталдық жасап отырғанына қынжылады. Жырау ханға еткен істерін еске салып қана қоймайды, кейде өзінің батырлық жорықтарын баяндап, айбар да көрсетеді. Қалмақ шапқыны кезінде хан қатты сасып, хан ордасының берекесі кете бастаған ауыр кезенді оның есіне салады. Сол бір екіталай шақта тайсалмай тұрып, орданы қорғап қалғанын, бұл тұста ханның үй ішінің де қатты сасқанын, өзі болмаса жау қолында кетуі де мүмкін болғанын есіне салады [7, 274 б.].

Ел аңыздарында өзімшіл ханға қарсы пікірлердің болуы, оның Жиёмбет жыраудың атына байланысты айтылуы тегін емес. Оның негізінде белгілі шындық жатуы тиіс. Жиёмбеттің ханға наразы болып өткенін, оның өз соңынан ерер алашы (халқы) бар батыр екенін жыраудың бізге жеткен мына бір толғауы да айқындайды:

Арқаға қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын кесермін,  
Ат сауырын берермін,  
Алыста дәурен сүрермін,  
Қарамасаң, ханым, қарама,  
Сенсіз де күнімді көрермін.

Жиёмбет – ханға қарсы өз наразылығын ғана емес, қалың топтың наразылығын білдірген жырау.

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасыр басында (1680-1715 жж.) Хандық дәуір тарихында билік еткен Тәуке хан тұсында жүздерді билер арқылы басқарғанын білеміз. Бұл дегеніміз ел басқаруда билердің үлкен рөлге ие болғаны, яғни, шарықтау шегіне жеткендігін көрсетеді. Жоғарыда айтып кеткендей, билер мен жыраулар билікке тікелей әсер ете білген. Хандардың қисынға келмейтін қатал шешімдеріне өз ауыздарымен халықтың уәжін жеткізген. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалы осының айғағы.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.
2. Жыраулар. – Алматы, Білім, 2007. – 200 б.
3. Қ.Байболұлы. Еңсегей бойлы ер Есім. Дастандар. – Алматы: 2005. – 320 б.
4. Ж.Тілепов. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.
5. Ә.Дербісәлин. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым.1990. – 296 б.
6. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.